

"Бекітемін"
«К.Шакенов атындағы орта мектебі»
КММ –нің директоры
К.С.Байғалиев



"Шебер қолдар"

(үйірмесінің күнтізбелік жоспары 4"Ә"-сынып)

Пән мұғалімі: Бақыт Г.

"К. Шакенов атындағы орта мектебі" КММ

2021 – 2022 оқу жылы
Жаңаөзен ауылы

«Шебер қолдар» үйірмесінің бағдарламасы. Түсінік хат.

Бұл бағдарлама оқушыларды еңбекке, түрлі өнер бұйымдарын жасауға, ой-өрісін, шеберлігі мен дағдысын арттыруда қазақ халқының өнерін санасына сіңіре отырып, бар затты ұқсата білуге, сол заттың қадір-қасиетін білуге, күнделікті өмірде қолдана білуге көмектеседі.

Бағдарламаның мақсаты:

Балаларға қосымша білім беруде оқушының білімін, шеберлігін көрсету. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

Бағдарламаның міндеті:

-Оқушыларды шығармашылыққа тарта отырып жобаны тани білуге, он саусағынан өнері тамған баланы тәрбиелеу.

-Шәкірттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету.

-Іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру

-Тәрбиелік дағдысын жеткізіп, еңбектену жұмысына төзімділігін жеткізу.

Біздің басты міндетіміз жаңа заман ғылымының мол жетістіктерімен қаруланған, мәдени дүниетанымы, көзқарасы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті маман жастарды тәрбиелеу, сондықтан сапалы білім берумен қатар еңбекке баулу, үйрету аса қажет.

Қолөнер үйірмесі өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол мейрімділікпен қоса кәсіби дарын, іздемпаздық, іскерлік екендігі адамның адамгершілік дүние танымын қалыптастырып үйрету.

Бағдарлама оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты құрастырылған. Сабактың түрлері: баяндама, лексия, пікірталас, әңгімелесу, талдау, теориялық, машықтық, жеке, топтық, сауалнама, кездесулер түрінде, технологиялық нұсқау карталар, үлгі суреттер арқылы орындалуы жүзеге асырылады.

Күтілетін нәтижелер:

Көркем еңбек бөлімінде ұлттық киім түрлері, әйелдер мен ерлер киімдерін түрлі материалдан қиып жапсыруға үйренеді.

Тұрмыстық еңбек бөлімінде әшекейлік, тұрмыстық бұйымдар құрастыру, ыдыс-аяқтарды мүсіндеу, безендіруге үйренеді.

Жұмсақ бейне ойыншықтар бөлімінде жұмсақ ойыншықтар жасау технологиясына үйренеді.

Жапсырмалау жұмысы бөлімінде қағаз, мата, былғары, түрлі-түсті қағаздан ертегілер әлемінен көрініс құрастыруға үйренеді.

Былғарымен жұмыс жасау бөлімінде былғарыны тазалау, бояу, пішу, одан әртүрлі бұйымдар жасау үйретіледі.

Ою-өрнек бастырмалар бөлімінде ою-өрнектің үлгілерін жасау, ою жиегін кестелеу әдістеріне үйренеді.

Сәндік қолданбалы – өнер элементтері бөлімінде шолпы, алка, білезік, тұмарша бұйымдарын жасауға үйренеді.

Су моншак тоқып үйрену бөлімінде моншакпен бұйымдар кестелеу, моншакпен кестелеу жұмыстарына үйренеді.

Тоқыма-өнері бөлімінде тоқу әдістеріне үйренеді.

Қазақтың дәстүрлі өнері ою оюды,оны тұрмыста қолдану жолдарына үйренеді.

Бұл бағдарлама қосымша білім беру мекемелерінде әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

«Шебер қолдар» үйірмесі сабағынның негізгі бағыты үйрету, оқыту, игерту болып табылады.

Әр сабақта оқушы қолөнер бұйымдар жасаумен қатар, ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіреді.

Қолөнер үйірмесінде халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршен қолөнерін жасап үйренеді.

Бұрынғы ата-бабамыздың қолөнерін жоғалтпай ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру бүгінгі күнгі басты міндетіміз. Сондықтан қолөнер үйірмесіне қатысушы оқушылардың алған білімдерін, өнерлерін тек өздері біліп қана қоймай, кейінгілерге үйретеді.

«Шебер қолдар» үйірмесі бағдарламасының мазмұны

Техникалық еңбек-2сағат.

Ұйымдастыру жұмыстары, техникалық мәліметтер, балаларға үйірменің мақсатының маңызын түсіндіру. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Әртүрлі бұйымдардың маңыздылығы, қасиеттері, ерекшеліктері, қолданылуы, түс үйлесімділігі, желімнің түрлері, қажетті материалдар әзірлеу, эскиздер жасау.

Әртүрлі материалдардан панно жасау-2 сағат

Панно ,оның шығу тарихы, түрлері туралы мағлұмат беру. Панно жасауға қажетті заттар, жабдықтар. Дәндерден панно жасау.

Көркем еңбек-2сағат.

Қолданбалы еңбек халық шеберлерінің еңбек жұмыстарымен танысу. Ұлттық киім түрлері. Әйелдер мен ерлер киімдері. Түрлі материалдан киімдерді қиып жапсыру.

Тұрмыстық еңбек-2 сағат.

Қолөнер көркемдік бұйым материалдарынан әшекейлік, тұрмыстық бұйымдар құрастыру, ыдыс-аяқтарды мүсіндеу, безендіру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Жұмсақ бейне ойыншықтар-4 сағат.

Әр түрлі бұйымдар жасау (жануар, құстар, адам, жәндіктер) технологиясымен таныстыру. Сызба, пішу, құрастыру, тігу, безендіру.

Ою-өрнек бастырмалар-2сағат

Ою-өрнектің шығу тарихы, қолданылуы. Ою-өрнектің үлгілерін жасау, ою жиегін кестелеу әдістері. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Жапсырмалау жұмысы-2сағат.

Қағаз, мата, былғары, түрлі-түсті қағаздан құрастыру. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

Сәндік қолданбалы өнер элементтері -2 сағат.

Көркем қолөнер технологиясына түсінік. Алқа, білезік, тұмарша, бұйымдар жасау.

Су моншақ тоқып үйрену-2 сағат.

Моншақ туралы жалпы мағлұмат, моншақпен бұйымдар кестелеу, моншақпен маталар кестелеу.

Тоқыма өнері-4сағат.

Тоқу өнері туралы түсінік беру. Көрнекті материалдармен, құрал-жабдықтармен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Тоқу әдістерін үйрету, дайындау, соңғы өңдеу жұмыстары.

Қарапайым майлық қағаздармен жұмыс -4 сағат

Кез келген мереке – мейрам кездерінде қарапайым қол жетімді майлық қағаздардан гүл жасап сыйлауға үйрету, мерекелік кештерді безендіруге үйрету.

Түрлі – түсті қағаздармен жұмыс - 5 сағат

Қағаз қиқымдарын кезексіз етіп тастамауға, қиқымдардан себет, құстар, құмыралар т.б заттар жасауға болатынын көрсету. Үнемшілдікке үйрету.

Қорытындылау. Көрме ұйымдастыру-1сағат.

«Шебер қолдар» үйірмесінің күнтізбелік – тақырыптық жоспары

Аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат

№	Қолөнер бағыты	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Техникалық еңбек (2 сағат)	Еңбек етуге үйрен. Қолөнер сабағына керекті құрал – жабдықтар	1	08.09.21
2		Қолөнер сабағындағы қауіпсіздік ережелері	1	15.09.21
3	Әртүрлі материалдардан панно жасау (2 сағат)	Күзгі көрніс суретін бейнелеу. Дәндермен панно жасау	2	22.09.21
4				29.09.21
5	Көркем еңбек (2 сағат)	Сәукеле тігу	2	06.10.21
6				13.10.21
7	Тұрмыстық еңбек (2 сағат)	Бос ыдыстарды әшекейлеу	1	20.10.21
8		Ермексаздан ыдыс – аяқ жасап үйрену	1	27.10.21
9	Жұмсақ бейне ойыншықтар (4 сағат)	Салафаннан күшік жасау (керекті заттарды дайындау)	1	10.11.21
10		Салафаннан күшік жасау (күшік мүшелерін жасау)	1	17.11.21
11		Салафаннан күшік жасау (күшік мүшелерін жасау)	1	24.11.21
12		Салафаннан күшік жасау (күшікті құрастырып бекіту)	1	02.12.21
13	Ою-өрнек бастырмалар (2 сағат)	Ою ою тәсілдері	1	08.12.21
14		Оюды қағаз бетінде орналастыру	1	15.12.21
15	Жапсырмалау жұмысы (2 сағат)	Қағаздан жаңа жылдық жұлдызшалар жасау	1	22.12.21
16		Қағаздан шырша жасау	1	29.12.21
17	Сәндік қолданбалы өнер элементтері (2 сағат)	Моншақтармен жұмыс. Моншақтан білезік жасау	1	12.01.22
18		Моншақтан әшекей бұйымдарын жасау	1	19.01.22
19	Су моншақ тоқып үйрену (2 сағат)	Моншақтармен мата бетінде гүл кестелеу	2	26.01.22
20				02.02.22
21	Тоқыма өнері (4 сағат)	Тоқу әдістерін үйрету	1	09.02.22
22		Тоқу әдістерін үйрету	1	16.02.22
23		Шұлық тоқу	1	23.02.22
24		Шұлық тоқу	1	02.03.22

25	<i>Қарапайым майлық</i>	Майлық қағаздардан гүл жасап үйрену	1	09.03.22
26	<i>қағаздармен жұмыс</i>	Майлық қағаздардан жасалған гүлдерден 4 санын жазу	1	16.03.22
27	<i>(4 сағат)</i>	Қағаздан роза гүлін жасау	1	06.04.22
28		Гүлдерден букет жасау	1	13.04.22
29	<i>Түрлі – түсті қағаздармен жұмыс</i>	Қағаздан аққу тоқу тәсілдері	2	20.04.22
30				27.04.22
31		Қағаздан аққу тоқу	3	04.05.22
32	<i>(5 сағат)</i>			11.05.22
33				18.05.22
34	<i>Қорытынды (1 сағат)</i>	Көрме ұйымдастыру	1	24.05.22

«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

"Шебер қолдар" үйірмесінің есебі

4 "Ә" сынып оқушыларымен жүргізілген «Шебер қолдар» үйірмесінің жоспарында табиғи дәндермен күзгі көрніс суретін бейнелеу, панно жасау, бос ыдыстарды әшекейлеу, мүсіндеу бағыты бойынша ермексаздан ыдыс – аяқ жасап үйрену жұмыстары жүзеге асырылды. Үйірменің алғашқы сабағы жұмыстың қауіпсіздік ережелерімен танысудан басталып, оқушылардың қиялын дамыту мен шығармашылыққа баулу мақсатында бірнеше нысандағы жұмыстарды жасап үйретуді қолға алдым. Сынып ішінде АКТ- ны яғни теледидардан дайын видео жазбаларды көрсете отырып сабағымды өткіздім. Дәнді дақылдармен әр түрлі материалдарды пайдаланып жұмыс түрлерімен танысты. Үйірме сабағында , панно, ыдыс – аяқ және сәндеу жұмыстарын жасады.

Қол еңбегі бала үшін қызықты, оның дербестікке деген құлшынысын қанағаттандырады өздігінен жұмыс жасау, өзіндік бақылау және шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Қолдан түрлі бұйымдар жасау кезінде балалардың табандылық, мақсаткерлік, зейінділік қабілеттері қалыптасады. Әрекет пен алған нәтиже арасындағы байланыс балаларға түсінікті болады. «Шебер қолдар» үйірмесі-балалардың шығармашылығын, ақыл ой қызметін, эстетикалық талғамдары мен конструкторлық ойлауын дамытушы керемет орта. Үйірме жұмыстары әр баламен жеке тұрғыда ұйымдастырылды. Балалар сабақтарға қуана қатысып, қызыға жұмыс жасады. Өздерінің керемет жұмыстарын мектепшілік көрмеде көрсетілді. Үйірме қорытындысы бойынша 4 – сынып оқушылары мектепшілік көрмелерде жүлделі орындарға ие болды. Жалпы осы үйірмеде балалардың эстетикалық және көркемдік талғамдары дамыды, еңбек дағдылары мен біліктері жетілдірілді

Оқушылар «Шебер қолдар» үйірме сабағына қызыға, жоғары ынтамен қатысады. Сыныптағы барлық оқушылар шамаларының келісінше барынша тырысып, тапсырманы жоғары деңгейде орындап өз шеберліктерін және қызығушылықтарын жақсы деңгейде көрсетті.

«БЕКІТЕМІН»
«К.Шақенов атындағы орта
мектебі» КММ-нің директоры:
К.С.Байғалиев
« _____ » 2021 жыл



«КЕЛІСІЛДІ»
Әдістемелік кабинет
менгерушісі:
Е.Ж.Увалиева
« _____ » 2021 жыл



0 «Ә» мектепалды даярлық сыныбы бойынша
вариативтік компоненттер

Тәрбиеші: Метеева Д.А.

Түсінік хат.

«Логика» бағдарламасы мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілерінің жас ерекшелігіне сай жасалған. Бұл бағдарламада балалардың логикалық ойлау қабілетін оятатын, математикалық ой – өрісінің, шығармашылық қабілетінің дамуына әсер ететін және өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыратын жұмыстар қамтылған. Түрлі есептер, ребустар жұмбақ есептер оқушының қызығушылығын арттыра түсетіні анық. Бағдарламадағы тақырыптар оқушылардың өзіндік ізденулерімен, шығармашылық жұмыстармен толықтырылған. Бағдарлама баланың танымдық қабілеттерін дамытуға, математикалық сауаттылығын тереңдетуге, оны өмірде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл жас мөлшерінде ойлау қабілетін, ойлау дербестігін дамыту, талдау, салыстыру, қорыту секілді ойлау әрекеттерін дамытудың да маңызы зор. Бұл бағдарлама мектепалды даярлық топтарындағы қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға қосымша балалардың математикалық білімін кеңейтіп, математикаға деген қызығушылығын Бағдарламада кеңістік, уақыт арқылы бағдарлау, заттарды санау, сызықтар, қазақ халқында жиі қолданылатын сандар, сандар қатары, математикалық ертегі логикалық тапсырмалар, қызықты жаттығулар, дидактикалық ойындар, есептер, геометриялық пішіндер туралы танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сандар мен оларға қолданылатын амалдар, шамалар, есептер және геометрия элементтері де қамтылған. Сондықтан тереңдете үйрету арқылы баланың математикалық сауаттылығы артады. «Логика» бағдарламасы аптасына 1 сағат, барлығы 33 сағатқа арналған. Бағдарлама балалардың жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған.

Мақсаты: Бағдарлама бойынша балалардың математикалық сауаттылығын арттыру;

- Балалардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту
- Баланың ақыл-ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыту;
- меңгерген математикалық білімін өмірде қолдануға жан-жақты дайындауды жүзеге асыру.

Міндеттері:

- баланың тұлға ретінде қалыптасуына, оқушының ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу;
- математиканың өмірде болып жатқан нақты құбылыстарды жалпылауға және қоршаған болмысты танып-білуге көмектесетін ғылым болып табылатыны туралы түсініктердің қалыптасуына ықпал ету;
- баланың өмір сүруіне және болашақта мектепте қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру.

Адаптивті бағдарлама төмендегідей негізгі *ұстанымдарға* сүйенеді: ғылымилық, білім берудің үздіксіздігі, іс-әрекеттік, пәнішіндік және пәнаралық интеграция, оқушылардың дара жетістіктері мен шығармашылығын ескеру.

Ғылымилық ұстанымы кіші жастағы оқушылардың күнделікті өмірде және оқу барысында ғылыми терминдер мен ұғымдарды меңгеру және қолданысқа енгізу үшін қажетті жағдайлар жасауды көздейді.

Үздіксіздік ұстанымы мектепке дейінгі дайындық.

Түсінік хат.

«Қызықты математика» бағдарламасы аптасына 1 сағат, барлығы 33 сағатқа арналған. Бағдарлама балалардың жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған. Бұл бағдарламада балалардың пәнге қызығушылығын оятатын, математикалық ой-өрісінің, шығармашылық қабілетінің дамуына дәнекер болатын және өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыратын жұмыстар қамтылған. Түрлі есептер, ребустар жұмбақ есептер баланың қызығушылығын арттыра түсетіні анық. Бағдарламадағы тақырыптар балалардың өзіндік ізденулерімен, шығармашылық жұмыстармен толықтырылған. Мектепке дейінгі даярлық тобына арналған қарапайым математикалық түсініктерді дамыту жөніндегі бағдарламада балалардың алдыңғы топтарда алған білімдерін жалпылау, жүйелеу, кеңейту және тереңдету қаралған. Балалар мектеп табалдырығын аттайтын кезеңге қарай жиын мен сан, пішін мен шама туралы өзара байланысы бар түсініктерді меңгеруі, кеңістік пен уақытты бағдарлай алуы тиіс. Математикалық байланыстар мен байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру, тиісті амалдарды меңгеру даярлық тобындағы балалардың көрнекті – бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Балалар көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығы арта түседі.

Мақсаты: Балалардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту

· Баланың ақыл-ойының математикалық стилін және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыту;

· Менгерген математикалық білімін өмірде қолдануға жан-жақты дайындауды жүзеге асыру.

Міндеттері:

· Баланың тұлға ретінде қалыптасуына, оқушының ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу;

· Математиканың өмірде болып жатқан нақты құбылыстарды жалпылауға және қоршаған болмысты танып-білуге көмектесетін ғылым болып табылатыны туралы түсініктердің қалыптасуына ықпал ету;

Ғылымилық ұстанымы кіші жастағы оқушылардың күнделікті өмірде және оқу барысында ғылыми терминдер мен ұғымдарды меңгеру және қолданысқа енгізу үшін қажетті жағдайлар жасауды көздейді.

Түсінік хат.

«Ертегілер елінде» сабағының мақсаты:

Алғашқы тілдік мағлұматтарды, сөйлеу әрекетінің түрлерін меңгерген, байланыстырып сөйлей алатын; ана тілін сүйетін, адамгершілік, отансүйгіштік сезімдері қалыптасқан, шығармашылыққа бейім жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жасау.

Міндеті:

- Оқушының тілін дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;
- Дұрыс, түсініп және мәнерлеп оқу, жазу дағдыларын қалыптастыру;
- Сөйлеу әрекеттерінің түрін (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) меңгерті және сөйлеу жанрларын әртүрлі жағдайларда қолдана білуге үйрету;
- Диалогтық және монологтық сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
- Оқушының бойында адами құндылықтарды: қайырымдылықты, сүйіспеншілікті, елжандылықты, имандылықты дамыту;
- Қоршаған ортамен ізгі қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- Дыбыс пен әріптің негізгі ерекшеліктерін дауысты және дауысты дыбыстарды ажыратады («дауысты дыбыстар әндетіліп, созылып айтылады, ауа кедергісіз шығады»);
- Сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы;
- Сөз, сөйлемнің шегін таба алады, сөзді буынға бөледі;
- Монолог, диалог арқылы берілген синтаксистік құрылымдағы хабарлы, сұраулы және лепті сөйлемдердің оқылуы ерекшеліктерін ажырата білу;
- Тірек сөздер, сюжетті картиналар арқылы 4-5 сөйлемнен тұратын әңгіме құрай алады;
- Мәтіннің берілген басы мен соңы арқылы мәтін, диалог құрастырады;
- Затты, құбылысты, аңдарды сипаттайды, өз тәжірибесінен 4-6 сөйлемнен тұратын әңгіме құрайды;
- Картина арқылы елестеуі (киялдауы) бойынша әңгіме құрай алады (4-6 сөйлем).

Вариативті компонент – 3 Логика – 1 Қызықты математика – 1 Ертегілер елінде – 1	
Қыркүйек айы	
1-апта 2-3 қыркүйек	Ертегілер елінде. Ертегілер еліне саяхат. 02/09
2-апта 06-10 қыркүйек	Логика. Логика пәнімен таныстыру. 06/09 Қызықты математика. Сиқырлы таяқшалар. 07/09 Ертегілер елінде. Түлкі мен қоян. 10/09
3-апта 13-17 қыркүйек	Логика. Үй жануарлары. 13/09 Қызықты математика. Жалғастырып сал. 14/09 Ертегілер елінде. Түлкінің күлкісі. 16/09
4-апта 20-24 қыркүйек	Логика. Бесіншісі артық. 20/09 Қызықты математика. Көңілді сандар. 21/09 Ертегілер елінде. Мысық пен күшік. 23/09
5-апта 27-30 қыркүйек	Логика. Отбасы, қызықты суреттер. Анықтап шық. 27/09 Қызықты математика. Қай санды білесің? Ертегілер елінде. Күшік пен мысық. 30/09

Қазан айы	
1-апта 1-қазан	
2-апта 04-08 қазан	Логика. Жабайы аңдар. 04/10 Қызықты математика. Таяқшалармен ойын-жаттығу. 05/10 Ертегілер елінде. Қарлығаштың құйрығы неге айыр? 07/10
3-апта 11-15 қазан	Логика. Суретші нені шатастырды? 11/10 Қызықты математика. Бақаның тапсырмалары. 12/10 Ертегілер елінде. Түлкі, кене және тасбақа. 14/10
4-апта 18-22 қазан	Логика. Санау. 18/10 Қызықты математика. Логикалық есептер. 19/10 Ертегілер елінде. Жыл басына таласқан жануарлар. 21/10
5-апта 25-29 қазан	Логика. Анықта, айырмашылықты тап. 25/10 Қызықты математика. Жеті ағайындылар. 26/10 Ертегілер елінде. Төлдер айтысы. 28/10

Қараша айы	
1-апта 08-12 қараша	Логика. Бірдей заттар. 08/11 Қызықты математика. Көңілді тапқырлар. 09/11 Ертегілер елінде. Піл мен маймыл. 11/11
2-апта 15-19 қараша	Логика. Сәуленің ойыншықтары. 15/11 Қызықты математика. Математика әлемінде. 16/11 Ертегілер елінде. Жалқау үкі. 18/11
3-апта 22-26 қараша	Логика. Бейнеленген нәрселерді табу. 22/11 Қызықты математика. Әжемнің сандығы. 23/11 Ертегілер елінде. Жеті лақ. 25/11
4-апта 29-30 қараша	Логика. Ертегі кейіпкерлері. 29/11 Қызықты математика. Монгол ойыны. 30/11

Желтоқсан айы	
1-апта 02-03 желтоқсан	Ертегілер елінде. Түлкі мен тырна. 02/12
2-апта 06-10 желтоқсан	Логика. Жоғары-төмен, оң жақ, сол жақ. 06/12 Қызықты математика. Сандарды салыстыру. 07/12 Ертегілер елінде. Қарлығаш пен шөже. 09/12
3-апта 13-15 желтоқсан	Логика. Ортақ және айырмашылық. 13/12 Қызықты математика. Заттың ұзындығын өлшеу. 14/12
4-апта 20-24 желтоқсан	Логика. Айырмашылығын анықта. 20/12 Қызықты математика. Заттар тобын салыстыру. 21/12 Ертегілер елінде. Шалқан ертегісі. Торғай мен тышқан. 23/12
5-апта 27-29 желтоқсан	Логика. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту. 27/12 Қызықты математика. Заттарды ретімен санау. Нешінші? 28/12

Қаңтар айы	
2-апта 17-21 қаңтар	Логика. Мағынасы қарсы сөздерді тап. 17/01 Қызықты математика. Сандарды оқу, жазу. 18/01 Ертегілер елінде. Алтын сақа. 20/01
3-апта 24-28 қаңтар	Логика. Жасырын жануарды табу. 24/01 Қызықты математика. Сандарды салыстыру. 25/01 Ертегілер елінде. Қонжық пен көжек. 27/01
4-апта 31-қаңтар	Логика. Жыл мезгілдерін анықтай білу. 31/01

Ақпан айы	
1-апта 01-04 ақпан	Қызықты математика. Тең. Артық. Кем. 01/02 Ертегілер елінде. Қайырымды қоян. 03/02
2-апта 07-18 ақпан	Логика. Бақылау тапсырмалары. 14/02 Қызықты математика. Геометриялық фигуралар. 15/02 Ертегілер елінде. Алдар көсе. Тегін ешкі. 17/02
3-апта 21-25 ақпан	Логика. Кім қандай машинамен жүреді? 21/02 Қызықты математика. Сандар қатары. 22/02 Ертегілер елінде. Алдар көсе. Жер кіндігі. 24/02
4-апта 28-ақпан	Логика. Суреттерді аяқта. 28/02

Наурыз айы	
1-апта 01-04 наурыз	Қызықты математика. 10 саны. Ұзындықтың өлшем бірлігі. 01/03 Ертегілер елінде. Әке мен бала. 03/03
2-апта 07-11 наурыз	Логика. Заңдылықты сақтап өз ойыңды жеткіз. 07/03 Ертегілер елінде. Алдар көсенің сикырлы тоны. 10/03
3-апта 14-18 наурыз	Логика. Кірпі қайда барады? 14/03 Қызықты математика. Заңдылықты сақтап өз ойыңды жеткіз. 15/03 Ертегілер елінде. Үйшік. 17/03
4-апта 31 наурыз	Ертегілер елінде. Шалқан. 31/03

Сәуір айы	
1-апта 1-сәуір	
2-апта 04-08 сәуір	Логика. Үй құрылысының ретін көрсету. 04/04 Қызықты математика. Тақырыпқа берілген есептер. 05/04 Ертегілер елінде. Тапқыр қоян. 07/04
3-апта 11-15 сәуір	Логика. Бірдей балықтарды бояу. 11/04 Қызықты математика. Математикалық жұмбақтар. 12/04 Ертегілер елінде. Макта қыз бен мысық. 14/04
4-апта 18-22 сәуір	Логика. Отбасы мүшелері. 18/04 Қызықты математика. Есептер шығару. 19/04 Ертегілер елінде. Бауырсақ ертегісі. 21/04
5-апта 25-29 сәуір	Логика. Көкенистер мен жемістер. 25/04 Қызықты математика. Математикалық санамақтар. 26/04 Ертегілер елінде. Қасқыр мен егінші. 28/04

Мамыр айы	
1-апта 02-06 мамыр	Қызықты математика. Математикалық жаңылтпаштар. 03/05 Ертегілер елінде. Түлкі мен қоян. 05/05
2-апта 11-13 мамыр	Ертегілер елінде. Ақымақ қасқыр. 12/05
3-апта 16-20 мамыр	Логика. Реттілігін анықта. 16/05 Қызықты математика. Уақыт бірліктері. 17/05 Ертегілер елінде. Дүние неліктен жақсы? 19/05
4-апта 23-24 мамыр	Логика. Қайталау. 23/05 Қызықты математика. Тәулік бөліктері. 24/05

«БЕКІТЕМІН»

«К.Шәкенов атындағы орта мектеп» КММ-нің директоры:

К.С. Байғалиев

2021 жыл



«КЕЛІСІМ»

Әдістемелік кабинет меңгерушісі:

Г.Ж. Увалиева

2021 жыл



0 «А» мектепалды даярлық сыныбы бойынша
вариативтік компоненттер

Тәрбиеші: Нурбаева Д.Б.

Түсінік хат.

«Логика» бағдарламасы мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілерінің жас ерекшелігіне сай жасалған. Бұл бағдарламада балалардың логикалық ойлау қабілетін оятатын, математикалық ой – өрісінің, шығармашылық қабілетінің дамуына әсер ететін және өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыратын жұмыстар қамтылған. Түрлі есептер, ребустар жұмбақ есептер оқушының қызығушылығын арттыра түсетіні анық. Бағдарламадағы тақырыптар оқушылардың өзіндік ізденулерімен, шығармашылық жұмыстармен толықтырылған. Бағдарлама баланың танымдық қабілеттерін дамытуға, математикалық сауаттылығын тереңдетуге, оны өмірде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл жас мөлшерінде ойлау қабілетін, ойлау дербестігін дамыту, талдау, салыстыру, қорыту секілді ойлау әрекеттерін дамытудың да маңызы зор. Бұл бағдарлама мектепалды даярлық топтарындағы қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға қосымша балалардың математикалық білімін кеңейтіп, математикаға деген қызығушылығын Бағдарламада кеңістік, уақыт арқылы бағдарлау, заттарды санау, сызықтар, қазақ халқында жиі қолданылатын сандар, сандар қатары, математикалық ертегі логикалық тапсырмалар, қызықты жаттығулар, дидактикалық ойындар, есептер, геометриялық пішіндер туралы танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сандар мен оларға қолданылатын амалдар, шамалар, есептер және геометрия элементтері де қамтылған. Сондықтан тереңдете үйрету арқылы баланың математикалық сауаттылығы артады. «Логика» бағдарламасы аптасына 1 сағат, барлығы 33 сағатқа арналған. Бағдарлама балалардың жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған.

Мақсаты: Бағдарлама бойынша балалардың математикалық сауаттылығын арттыру;

- Балалардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту
- Баланың ақыл-ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыту;
- меңгерген математикалық білімін өмірде қолдануға жан-жақты дайындауды жүзеге асыру.

Міндеттері:

- баланың тұлға ретінде қалыптасуына, оқушының ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу;
- математиканың өмірде болып жатқан нақты құбылыстарды жалпылауға және қоршаған болмысты танып-білуге көмектесетін ғылым болып табылатыны туралы түсініктердің қалыптасуына ықпал ету;
- баланың өмір сүруіне және болашақта мектепте қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру

Адаптивті бағдарлама төмендегідей негізгі *ұстанымдарға* сүйенеді: ғылымилық, білім берудің үздіксіздігі, іс-әрекеттік, пәнішіндік және пәнаралық интеграция, оқушылардың дара жетістіктері мен шығармашылығын ескеру.

Ғылымилық ұстанымы кіші жастағы оқушылардың күнделікті өмірде және оқу барысында ғылыми терминдер мен ұғымдарды меңгеру және қолданысқа енгізу үшін қажетті жағдайлар жасауды көздейді.

Үздіксіздік ұстанымы мектепке дейінгі дайындық.

Түсінік хат.

«Қызықты математика» бағдарламасы аптасына 1 сағат, барлығы 33 сағатқа арналған. Бағдарлама балалардың жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған. Бұл бағдарламада балалардың пәнге қызығушылығын оятатын, математикалық ой-өрісінің, шығармашылық қабілетінің дамуына дәнекер болатын және өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыратын жұмыстар қамтылған. Түрлі есептер, ребустар жұмбақ есептер баланың қызығушылығын арттыра түсетіні анық. Бағдарламадағы тақырыптар балалардың өзіндік ізденулерімен, шығармашылық жұмыстармен толықтырылған. Мектепке дейінгі даярлық тобына арналған қарапайым математикалық түсініктерді дамыту жөніндегі бағдарламада балалардың алдыңғы топтарда алған білімдерін жалпылау, жүйелеу, кеңейту және тереңдету қаралған. Балалар мектеп табалдырығын аттайтын кезеңге қарай жиын мен сан, пішін мен шама туралы өзара байланысы бар түсініктерді меңгеруі, кеңістік пен уақытты бағдарлай алуы тиіс. Математикалық байланыстар мен байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру, тиісті амалдарды меңгеру даярлық тобындағы балалардың көрнекті – бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Балалар көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығы арта түседі.

Мақсаты: Балалардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту

· Баланың ақыл-ойының математикалық стилін және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыту;

· Меңгерген математикалық білімін өмірде қолдануға жан-жақты дайындауды жүзеге асыру.

Міндеттері:

· Баланың тұлға ретінде қалыптасуына, оқушының ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу;

· Математиканың өмірде болып жатқан нақты құбылыстарды жалпылауға және қоршаған болмысты танып-білуге көмектесетін ғылым болып табылатыны туралы түсініктердің қалыптасуына ықпал ету;

Ғылымилық ұстанымы кіші жастағы оқушылардың күнделікті өмірде және оқу барысында ғылыми терминдер мен ұғымдарды меңгеру және қолданысқа енгізу үшін қажетті жағдайлар жасауды көздейді.

Түсінік хат.

«Ертегілер елінде» сабағының мақсаты:

Алғашқы тілдік мағлұматтарды, сөйлеу әрекетінің түрлерін меңгерген, байланыстырып сөйлей алатын; ана тілін сүйетін, адамгершілік, отансүйгіштік сезімдері қалыптасқан, шығармашылыққа бейім жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жасау.

Міндеті:

- Оқушының тілін дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;
- Дұрыс, түсініп және мәнерлеп оқу, жазу дағдыларын қалыптастыру;
- Сөйлеу әрекеттерінің түрін (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) меңгерті және сөйлеу жанрларын әртүрлі жағдайларда қолдана білуге үйрету;
- Диалогтық және монологтық сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
- Оқушының бойында адами құндылықтарды: қайырымдылықты, сүйіспеншілікті, елжандылықты, имандылықты дамыту;
- Қоршаған ортамен ізгі қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- Дыбыс пен әріптің негізгі ерекшеліктерін дауысты және дауысты дыбыстарды ажыратады («дауысты дыбыстар әндетіліп, созылып айтылады, ауа кедергісіз шығады»);
- Сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы;
- Сөз, сөйлемнің шегін таба алады, сөзді буынға бөледі;
- Монолог, диалог арқылы берілген синтаксистік құрылымдағы хабарлы, сұраулы және лепті сөйлемдердің оқылуы ерекшеліктерін ажырата білу;
- Тірек сөздер, сюжетті картиналар арқылы 4-5 сөйлемнен тұратын әңгіме құрай алады;
- Мәтіннің берілген басы мен соңы арқылы мәтін, диалог құрастырады;
- Затты, құбылысты, аңдарды сипаттайды, өз тәжірибесінен 4-6 сөйлемнен тұратын әңгіме құрайды;
- Картина арқылы елестеуі (қиялдауы) бойынша әңгіме құрай алады (4-6 сөйлем).

Вариативті компонент – 3

Логика – 1

Қызықты математика – 1

Ертегілер елінде – 1

Қыркүйек айы

1-апта

2-3 қыркүйек

Ертегілер елінде. Ертегілер еліне саяхат. 02/09

2-апта

06-10 қыркүйек

Логика. Логика пәнімен таныстыру. 06/09
Қызықты математика. Сиқырлы таяқшалар. 07/09
Ертегілер елінде. Түлкі мен коян. 10/09

3-апта

13-17 қыркүйек

Логика. Үй жануарлары. 13/09
Қызықты математика. Жалғастырып сал. 14/09
Ертегілер елінде. Түлкінің күлкісі. 16/09

4-апта

20-24 қыркүйек

Логика. Бесіншісі артық. 20/09
Қызықты математика. Көңілді сандар. 21/09
Ертегілер елінде. Мысық пен күшік. 23/09

5-апта

27-30 қыркүйек

Логика. Отбасы, қызықты суреттер. Анықтап шық. 27/09
Қызықты математика. Қай санды білесің?
Ертегілер елінде. Күшік пен мысық. 30/09

Қазан айы

1-апта

1-қазан

2-апта

04-08 қазан

Логика. Жабайы аңдар. 04/10
Қызықты математика. Таяқшалармен ойын-жаттығу. 05/10
Ертегілер елінде. Қарлығаштың құйрығы неге айыр? 07/10

3-апта

11-15 қазан

Логика. Суретші нені шатастырды? 11/10
Қызықты математика. Бақаның тапсырмалары. 12/10
Ертегілер елінде. Түлкі, кене және тасбақа. 14/10

4-апта

18-22 қазан

Логика. Санау. 18/10
Қызықты математика. Логикалық есептер. 19/10
Ертегілер елінде. Жыл басына таласқан жануарлар. 21/10

5-апта

25-29 қазан

Логика. Анықта, айырмашылықты тап. 25/10
Қызықты математика. Жеті ағайындылар. 26/10
Ертегілер елінде. Төлдер айтысы. 28/10

Қараша айы	
1-апта 08-12 қараша	Логика. Бірдей заттар. 08/11 Қызықты математика. Көңілді тапқырлар. 09/11 Ертегілер елінде. Піл мен маймыл. 11/11
2-апта 15-19 қараша	Логика. Сәуленің ойыншықтары. 15/11 Қызықты математика. Математика әлемінде. 16/11 Ертегілер елінде. Жалқау үкі. 18/11
3-апта 22-26 қараша	Логика. Бейнеленген нәрселерді табу. 22/11 Қызықты математика. Әжемнің сандығы. 23/11 Ертегілер елінде. Жеті лақ. 25/11
4-апта 29-30 қараша	Логика. Ертегі кейіпкерлері. 29/11 Қызықты математика. Монгол ойыны. 30/11

Желтоқсан айы	
1-апта 02-03 желтоқсан	Ертегілер елінде. Түлкі мен тырна. 02/12
2-апта 06-10 желтоқсан	Логика. Жоғары-төмен, оң жақ, сол жақ. 06/12 Қызықты математика. Сандарды салыстыру. 07/12 Ертегілер елінде. Қарлығаш пен шөже. 09/12
3-апта 13-15 желтоқсан	Логика. Ортақ және айырмашылық. 13/12 Қызықты математика. Заттың ұзындығын өлшеу. 14/12
4-апта 20-24 желтоқсан	Логика. Айырмашылығын анықта. 20/12 Қызықты математика. Заттар тобын салыстыру. 21/12 Ертегілер елінде. Шалқан ертегісі. Торғай мен тышқан. 23/12
5-апта 27-29 желтоқсан	Логика. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту. 27/12 Қызықты математика. Заттарды ретімен санау. Нешінші? 28/12

Қаңтар айы	
2-апта 17-21 қаңтар	Логика. Мағынасы қарсы сөздерді тап. 17/01 Қызықты математика. Сандарды оқу, жазу. 18/01 Ертегілер елінде. Алтын сақа. 20/01
3-апта 24-28 қаңтар	Логика. Жасырын жануарды табу. 24/01 Қызықты математика. Сандарды салыстыру. 25/01 Ертегілер елінде. Қонжық пен көжек. 27/01
4-апта 31-қаңтар	Логика. Жыл мезгілдерін анықтай білу. 31/01

Ақпан айы	
1-апта 01-04 ақпан	Қызықты математика. Тең. Артық. Кем. 01/02 Ертегілер елінде. Қайырымды қоян. 03/02
2-апта 14-18 ақпан	Логика. Бақылау тапсырмалары. 14/02 Қызықты математика. Геометриялық фигуралар. 15/02 Ертегілер елінде. Алдар көсе. Тегін ешкі. 17/02
3-апта 21-25 ақпан	Логика. Кім қандай машинамен жүреді? 21/02 Қызықты математика. Сандар қатары. 22/02 Ертегілер елінде. Алдар көсе. Жер кіндігі. 24/02
4-апта 28-ақпан	Логика. Суреттерді аяқта. 28/02

Наурыз айы

1-апта 01-04 наурыз	Қызықты математика. 10 саны. Ұзындықтың өлшем бірлігі. 01/03 Ертегілер елінде. Әке мен бала. 03/03
2-апта 07-11 наурыз	Логика. Заңдылықты сақтап өз ойыңды жеткіз. 07/03 Ертегілер елінде. Алдар көсенің сиқырлы тоны. 10/03
3-апта 14-18 наурыз	Логика. Кірпі қайда барады? 14/03 Қызықты математика. Заңдылықты сақтап өз ойыңды жеткіз. 15/03 Ертегілер елінде. Үйшік. 17/03
4-апта 31 наурыз	Ертегілер елінде. Шалқан. 31/03

Сәуір айы

1-апта 1-сәуір	
2-апта 04-08 сәуір	Логика. Үй құрылысының ретін көрсету. 04/04 Қызықты математика. Тақырыпқа берілген есептер. 05/04 Ертегілер елінде. Тапқыр қоян. 07/04
3-апта 11-15 сәуір	Логика. Бірдей балықтарды бояу. 11/04 Қызықты математика. Математикалық жұмбақтар. 12/04 Ертегілер елінде. Макта қыз бен мысық. 14/04
4-апта 18-22 сәуір	Логика. Отбасы мүшелері. 18/04 Қызықты математика. Есептер шығару. 19/04 Ертегілер елінде. Бауырсақ ертегісі. 21/04
5-апта 25-29 сәуір	Логика. Көкенистер мен жемістер. 25/04 Қызықты математика. Математикалық санамақтар. 26/04 Ертегілер елінде. Қасқыр мен егінші. 28/04

Мамыр айы	
1-апта 02-06 мамыр	Қызықты математика. Математикалық жаңылтпаштар. 03/05 Ертегілер елінде. Түлкі мен қоян. 05/05
2-апта 11-13 мамыр	Ертегілер елінде. Ақымақ қасқыр. 12/05
3-апта 16-20 мамыр	Логика. Реттілігін анықта. 16/05 Қызықты математика. Уақыт бірліктері. 17/05 Ертегілер елінде. Дүние неліктен жақсы? 19/05
4-апта 23-24 мамыр	Логика. Қайталау. 23/05 Қызықты математика. Тәулік бөліктері. 24/05

«Бекітемін»

К.Шакенов атындағы
орта мектебіннің директоры:
К.С. Байғалиев

« _____ » 2021 жыл



Келісемін:

Жарма аудандық білім бөлімі
Әдістемелік кабинет меңгерушісі
Г.Ж. Уталиева

« _____ » 2021 жыл



**2 сынып бойынша «Шебер қолдар» бағдарламасының
2021-2022 оқу жылына арналған
күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

Орындаған: К.Шакенов атындағы орта мектебінің мұғалімі А.Д.Рахимғалиева

Түсінік хат

Жаңа білім беру-бірінші орынға баланың тұлғасын, білім алу арқылы жан-жақты дамуын қойып отыр. Осы мақсатта құралған «Шебер қолдар» үйірмесі оқушылардың ықылас ынтасын дамытып, болашақ маман ретінде өзін-өзі тануға мүмкіндік береді. Еңбек пәнінің мектепшілік үйірмелерінің, соның ішінде еңбек үйірмесінің балаға берер тәрбиесі мол, қосар үлесі зор. Өнер рухани қазына дегендей. Өнер адамға жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние. Өнер – әсемдіктің ең жоғары түрі өйткені ол табиғаттың әсемдігін де адам еңбегі мен жасалған заттардың әсемдігін де сол адамның сұлулығын да оның ой-арманын да өз бойына жинақтап жан-жақты бейнелей алады.

Адам әсемдігін алдымен еңбегінен іздеуі керек, өйткені адамның мәні даңқы оның еңбегімен анықталады. Еңбек әсемдіктің өлшемі, біздің өміріміздің негізі. Қолөнер баланы еңбексүйгіштікке, мейірімді, тәрбиелі адам болуға, баланың болашағына үлкен игі септігін тигізеді анық. Бала оқу процесінде алған білімдерін үйірмеде іс-жүзінде қолданып, қолөнер бұйымдарын дайындау кезеңдерінде өзіне, қоғамға пайдаланады. Келешек еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, білімді, тәрбиелі ұрпақ болуына бағыттаймын.

Мақсаты және міндеттері: Оқушылардың технологиялық сауаттылығын қалыптастыру, әлеуметтік-экономикалық мәнін түсіндіру, оқыту арқылы оқушылардың еңбекке деген қабілетін дамыту, адамгершілік қатынастарды қалыптастыру, іскерлікке, шеберлікке баулу. Ата-бабаның ұлттық дәстүрлері мен қолөнерін одан әрі дамытуға бағыттау. Бастаған жұмысын тыңғылықты орындауға тәрбиелеу.

Өзектілігі: Білім беру саласында алған білімдерін тереңдетіп, сапасын жаңа заман талабына сай жақсартып, оқушылардың көркем еңбек пәні бойынша теориялық білімін практикамен ұштастыра игертіп және көркемдік, эстетикалық, танымдық қызығушылығын арттырады.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы:

- ең алдымен баланың қолөнерге, іске бейімділігімен икемділігі қалыптасады
- шығармашылық қабілеті артады,
- шығармашылық ізденіс пайда болады
- өз қиялы, идеясы, өзіндік пікірі, көзқарасы қалыптасады
- ең соңында, кәсіби шеберлігі өседі

Бағдарламаның құрылымы: Курс барысында оқушылар әр түрлі өнер түрлерінен мағлұмат алып және бұйымдар жасап машықтанады. Өзіне, халқына, болашағына пайдалы істерге негізделген.

Оқушылардың меңгеруге тиіс білімдері мен дағдылары: Оқушылардың нарықтық, экономикалық, экологиялық білімдерді бойына сіңіру үшін жалпы еңбек іскерліктерімен дағдыларын дамытуы, өзбетімен жұмыс істеуді, қиял, ой-өрістерінен қорытынды шығару. Берілген тапсырманы игеріп нәтиже шығаруға дағдылану.

Оқушылардың дайындығына қойылатын талаптар.

1. Техникалық қауіпсіздік ережелерін қадағалау
2. Отырған орынды таза ұстауы, гигиеналық талаптар.

Біліктілігі:

- Халықтық, сәндік-қолданбалы өнер түрлерін ажырата біледі;
- Бұйымның көркемдік технологиясын дұрыс ұйымдастыруды меңгертеді;
- Дизайн, композиция ұғымдарын ажырата біледі;

"Шебер қолдар" үйірмесінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	Уақыты
1	Жалпы жұмыс жоспары ТҚЕ	1	02-10.09
2	Табиғи материалдармен жұмыс түрлері	1	13-17.09
3	Бет бейнесі бар жапырақтар "Көжек", "Аққұтан"	1	20-24.09
4-5	Дақылдардан бұйым жасау	2	27.09-01.10 04-08.10
6-7	Дән тұқымынан мозайка	2	11-15.10 18-22.10
8-9	Әр түрлі материалдардан мозайкалар құрастыру	2	25-27.10 08-12.11
10	Қағаздан гүл шоғын жасау	1	15-19.11
11-12	"Гүлденген бақша" композициясы	2	22-26.11 29.11-03.12
13	Ашық хаттар құрастыру	1	06-10.12
14-15	Шырша әшекейлері	2	13-17.12 20-24.12
16	Әшекей бұйымдар жасау	1	27-29.12
17-18	Сіреңке иінінен үй жасау	2	10-14.01 17-21.01
19-20	Қар ұшқыны аппликациясы	2	24-28.01 31.01-04.02
21-22	Аққала жасау	2	07-11.02 14-18.02
23-24	Ертегі желісімен кейіпкерлерді мүсіндеу(ермексаз)	2	21-25.02 28.02-04.03
25	Рамкаларды әшекейлеу	1	07-11.03
26-27	Жіппен бейнелеу жұмыстары Жіппен жасауға болатын бұйымдар.	2	14-18.03 31.03-08.04
28-29	Заттарды түймемен әшекейлеу	2	11-15.04 18-22.04
30-31	Бисер туралы түсінік түрлері Ұсақ бисерлермен жұмыс.	2	25-29.04 02-06.05
32-33	Бисерден гүлдер жасау.	2	09-13.05 16-20.05
34	Қорытынды сабақ	1	23-25.05

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. «Мектептегі технология»»технология в школе»
2. «Пайдалы кеңестер»
3. .«Шаңырақ энциклопедиясы» Жилкина А.Д Жилкина В. Ф
«Рукоделия»
Егорова Р.И. Монастырная В.П.
4. « Ис тіге біл»
5. Пайдалы кеңестер

«Бекітемін»
«К.Шакенов атындағы
орта мектебі» КММ-нің директоры

К.С.Байғалиев



«Келісемін»
«Жарма аудандық білім бөлімі» ММ
Әдістемелік кабинет меңгерушісі

Г.Д.Увалиева



ШЕШЕНДІК ӨНЕР

(Үйірме курсының күнтізбелік жоспары)

Мұғалім: Доненбаева Самал Болатхановна

Облыс, қала, аудан, ауыл: ШҚО Жарма ауданы Жаңаөзен ауылы

Мектеп: «К.Шакенов атындағы ОМ» КММ

Сынып: 3 «А»

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

«Шешендік өнер» үйірме курсының бағдарламасы жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарына арналып жасалынды. Көмекші құрал ҚР «Білім туралы» Заңының, ҚР «Білім» бағдарламасының, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын ескере отырып жасалды.

Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры – шешендік өнер. Оқушыларды «Шешендік өнерге» баулудың маңызы зор. Қазақ халқы шешендік өнерді аса құрметпен бағалағандықтан, бастауыш сынып оқушыларын ата-баба ізімен шебер сөйлеу, тілдерін дамыта түсу, олардың үлгі-өнегесін бойларына дарыту – басты мақсат. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына. «Ел боламын десен, бесігіңді түзе» дейді ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Ал бесіктен басталатын тәрбиенің бірден-бірі – қазақ ауыз әдебиеті. Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең – жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең канат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқаулары – жыраулар толғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше.

Оқушыларға шешендік өнер туралы мағлұматтарын тереңдетіп, оның жан – жақты тарихи екенін таныту. Танымдық ой – өрісін кеңейту сөздік қорларын молайту, өзіндік пікір айта білу қабілеттерін дамыту мақсатын көздей отырып, «Шешендік өнер» үйірме курсы ана тілі пәніне негіздей отырып, көрген – білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында шебер сөйлеуге жаттығады.

«Шешендік өнер» сабағының мақсаты:

1. Оқушылардың жеке басын қалыптастыра отырып, әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелеу;
2. Рухани дүниесін кеңейту, ақыл-ойы мен ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал ету;
3. Кітап оқуға деген ынтасын қалыптастыру.

Міндеттері:

- оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру және жетілдіру;
- көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын дамыту;
- шығарманың түпкі мазмұн-мәнін түсінуін, эмоциялық қабылдауын (кейіпкерлердің көңіл-күйіне ортақтасу, күйіну, сүйіну т.б.) қамтамасыз ету;
- шығармадағы көркем бейнелердің ерекшеліктерін аша білуге бағыттау;
- ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін (ойын еркін жеткізу, сауатты да мәнді жаза білу) дамыту;
- өзіндік ой пікірін айта білуге баулу;
- оқушылардың бойына ізгілік пен имандылық, адалдық пен мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерді дарыту.

Күтілетін нәтиже:

Көрген – білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп, ізденудің арқасында шебер сөйлеуге жаттығады. Би – шешендердің сөздерін жаттап өсіп, жаңа ұғымдармен танысады.

Мақалдың немесе өлең ұйкастарын таба отырып, берілген қысқаша мәтінді өз ойымен жалғастыра білуді үйренеді. Сөздерді мақсатқа, негізгі ойға, мазмұнға сәйкес өз бетінше талдап қолдана алады. Шығармашылығын шыңдайды, танымдық қабілеттері дамиды, өзіндік ой қорытуға, ойын әдеби тілмен өрнектей білуге дағдыланады. Халықтың канатты сөздерінің мәнін, мағынасын түсініп, одан тәрбие алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Шешендік өнер». 3 сынып. Авторлары: М.Құлкенов, К. Ерешева, Ж.Әбділда. Алматы «Өлке» баспасы
2. «Шешендік өнер әліппесі» жұмыс дәптері , Ерешева К., Құлкенов М. Алматы: Өлке баспасы 2015 ж.
3. «Жұмбақтар жинағы» Авторы: С.Хасан.
4. «Мақал-мәтелдер жинағы» Авторлары:
5. Бастауыш мектеп №2 2014 ж.

3-сынып

№	Өтілетін сабақ тақырыбы	Сағат саны	Уақыты
Шежіремізді білейік I тоқсан			
1	Шешендік өнер нені үйретеді?	1	
2	Жазда не байқадың?	1	
3	Жақсылық пен жамандық	1	
4	Мақалдар ұйқасы	1	
5	Қарым – қатынас әліппесі	1	
6	Сөйлеу мәдениеті	1	
7	Тіл және сөйлеу	1	
8	Шежірені білесің бе?	1	
9	Жаттап алмай, еркін әңгімеле	1	
Кітап оқнық II тоқсан			
1	Сөздің ырғағын келтіріп сөйлеу	1	
2	Мақтау және мадақтау	1	
3	Тыңдаймыз және түсінеміз	1	
4	Тыңдаймыз және тереңіне бойлаймыз	1	
5	Кітап оқимыз	1	
6	Жана ойды жаңа жолдан жаз	1	
7	Шығарманы өңдеудің тәсілдері	1	
Әдемі сөйлей білейік III тоқсан			
1	Сөйлемді аяқта	1	
2	Сыпайылық деген не?	1	
3	Әдепті деген кім, әдепсіз деген кім?	1	
4	Сәлем - сөздің атасы	1	
5	Сыпайы сөйлеуді үйренейік	1	
6	Сауатты жаза біл!	1	
7	Шығарма жаза білесің бе?	1	
8	Сөздерді дұрыс қолдана біл	1	
9	Өз сөзіңмен айтып бер	1	
10	Кітап – алтын қазына	1	
Мәтін IV тоқсан			
1	Мен оқырманмын	1	
2	Диалог	1	
3	Монолог	1	
4	Құттықтау және тілек айту	1	
5	Мәтіннің түрлері	1	
6	Салыстыру	1	
7	Пайымдау	1	
8	Өзіндік пікір	1	
Барлығы			34 сағат

«Бекітемін»

К.Шакенов атындағы
орта мектебіннің директоры
К.С.Байғалиев

« »



«Келісемін»

Жарма аудандық ББ
Әдістемелік кабинет меңгерушісі
Г.Ж.Увалиева

« »

«Логика әлемі»

үйірмесінің жоспары

4 «А» сыныбы

Мұғалімі: Г.С.Абиленова

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Қазіргі кезде бастауыш математика курсының білім мазмұнындағы және оны оқытудың әдістемесіндегі кейбір жағдайларды жекелеген мұғалімдердің жеткілікті дәрежеде түсінбеуінен логикалық тапсырмаларға көп көңіл бөлінбейді. Ол үй тапсырмасы ретінде беріледі. Ал оқушы оны шешу жолдарын түбегейлі түсінбегендіктен шығара алмайды.

Сондықтан бағдарламаның ерекшелігі логикалық тапсырмаларға көп көңіл бөлінеді.

Оқу материалын оқушыға дайын күйінде жеткізу, түсіндіру іс-әрекет үлгісін дайын түрінде көрсету емес, оқушымен бірлесе алға қойылған міндеттерді шешу, түсіну, ұғыну жолдарын іздестіру. Мұғалімнің негізгі міндеті қате пікірді бірден жоққа шығармай, оқушылардың өзара пікір алысу барысында елеусіз түзету, әр оқушыда «менің ойымша», «мен онымен келісер едім» деген сияқты өзін еркін ұстауынан мүмкіндік беретін ситуациялар туғызу керек.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Білім беруді ұйымдастырудың дүниежүзілік тәжірибелерінде өзін ақтаған білім түрлері дамуда.

Олай болу үшін баланың бойында ұғым, пікір, ой қорытындылар сияқты ойлаудың формалары қалыптасуы керек. Баланың ойлау әрекеті өзінен өзі қалыптаспайтыны ақиқат. Демек, ойлау әрекеті ойдағыдай дамыту үшін, арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Ойлау үрдісі өзіне тән логикалық амалдардан тұрады: анализ, синтез, салыстыру, топтастыру, жалпылау, тұжырымдар жасау.

Ұғым қалыптасқаннан кейін оқушы бойында пікір қалыптасады. Өз пікірін ортаға салып дәлелдейтін бала күрделі тапсырмаларды терең түсініп, оның өзіндік ішкі астарына үніле ой қорытындысын жасауға бейімделеді.

Логикалық тапсырмаларды орындау барысында дедуктивтік, индуктивтік, аналогия, гипотеза сияқты ой қорытынды әдістерінің қалыптасқанын бала бойынан байқауға болады.

Жалпы алғанда «Математикалық логика» сабағында шешілетін есептер мына бағытта жүргізіледі.

1. Қиын шығарылатын есептер мен логикалық есептер астарласып келуі тиіс.
2. Берілетін есептер оқушылардың жас шамасына қарай беріліп, оқушыны жасыртпай қайта жігерлендіретін, түсіндіруі жеңіл, тұжырымдалуы қысқа болуы тиіс.

«Математикалық логика» таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешені мына төмендегі бөліктерден тұрады:

1. Оқулық
2. Дидактикалық материалдар.
3. Қызықты математика.

Оқу-әдістемелік кешенінің материалдары негізгі төрт бөлімді меңгертуге бағытталған:

1. Сандар әлеміне саяхат
2. Математикалық тапсырмалардың түрлері
3. Шамалар мұхиты
4. Сикырлы фигуралар.

4 сыныпқа арналған «Қызықты математика» таңдау сабағын ұйымдастыру оқу процесінің құрамды бөлігі, сабақтың жалғасы іспетті .«Қызықты математика » таңдау сабағын оқыту төмендегідей **мақсаттарға** жетуді яғни оқушылардың:

- білімді және білімін пайдалана білетін;
- ашық коммуникативті, әр ортада орын табатын;
- танымдық көзқарасын, логикалық (яғни нақтылы, тұрақты, дәлелді) ойын жеке бастың қабілеті иен бейімділігін дамыта тусуде;
- меңгерген математикалық білімдерін өмірде, нақтылы жағдайларда, практикалық мәселелерді шешу үшін пайдалана алуын қалыптастыруды көздейді.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін мұғалімдерге мынадай **міндеттерді** жүктейді:

- оқушылардың логикалық ойын дамытып, терең білім беру;
- жоғары саналыққа, өмірге тәрбиелеу;
- математикалық біліктілігін, бейімділігін қалыптастыру арқылы пәнге қызығушылығын ояту;
- шығармашылыққа баулу.

Негізгі міндеттері: математикалық білім, білік, дағдыларды терең меңгертуді талап етеді.

1. Күнделікті өмірге қажетті есептеулер.
2. Басқа ғылым саласын меңгеруге негіз болатын есептеулер.
3. Өз бетімен білімін әрі қарай жалғастыруға жеткілікті ғылыми әдебиеттерді оқып үйренуге негіз болатын есептеулер.

Таңдау сабағында оқушылардың дағдыларын қалыптастыру.

- 1.Өз ойларын салыстыру әдісі бойынша дәлелдеуге дағдыландыру.
- 2.Өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру.

Күтілетін нәтижелер:

- математикалық түсініктерді меңгереді,
- логикалық ойлау қабілеті дамиды;
- кеңістік денелерді, геометриялық фигураларды ажыратып, есте сақтау қабілеті артады;
- шапшаң есептеу.өз бетінше есептер құрастыра білу дағдысы қалыптасады.
- оқушылардың математика пәніне қызығушылықтарын ояту,үлгі тұтар тұлғалар ұсыну
- математикалық олимпиадалар мен сайыстарға қатысып жүлделі орынға ие болу

Пайдаланылған әдебиеттер:

Қолданылған әдебиеттер

1. ҚР-сы орта білім берудің , мемлекеттік білім берудің, мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттары
2. 1-4 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы
3. «Математика» (бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау және есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы)
4. Математика оқыту әдістемесі
5. Халықаралық «Кенгуру» математикалық байқауы
6. Оқушылардың логикалық танымдық әрекеттерін дамыту.
7. Математика өзіндік және бақылау жұмыстары. Өлке баспасы-2010ж.
8. Оқыту процесін технологияландыру. Ж.У.Кобдикова. Алматы-2000ж.